

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Колледж парламенті

(Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы
(колледж) өзін-өзі басқарудың біріңғай моделі





«Береке» гуманитарлық-техникалық колледжі
Дургалова Камила Махамбетовна

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Телефон: 87017076448

Парламенттің мақсаты:

білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.


Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.



Семей көп салалы колледжі
Семейский многопрофильный колледж
Semey multidisciplinary college

Студенттік ұйымдардың жұмыс құрылымы



Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

- ☐ 1. Құқық және тәртіп фракциясы.
- ☐ 2. Ақпарат фракциясы.
- ☐ 3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
- ☐ 4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
- ☐ 5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
- ☐ 6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
- ☐ 7. Дебат қозғалысының фракциясы.
- ☐ 8. Экология және еңбек фракциясы.



«Берекесі» гуманитарлық-техникалық
колледжі

Дәуренбек Әсел
4НО-18-01 тобының білімгері

Студенттік парламенттің президенті
Телефон: 87783447241

Парламенттің міндеттері:

- ❑ - білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ❑ - ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге он көзқарас қалыптастыру;
- ❑ - әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- ❑ - өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.
- ❑ Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент министрлері



Вице-президент –
Мұқан Шолпан




Білім министрі –
Саламатова Аруна



Мәдениет министрі –
Журеркул Жансая



Ақпарат министрі –
Етекбай Аяжан



Қаржы министрі –
Есеева Аружан



Спорт министрі –
Бархитов Хаджы



Тәрбие министрі –
Оспанбаева Анель

16.11.2021 жылы «Береке» гуманитарлық-техникалық колледжінде «Студенттік парламентке» өз кандидатураларын ұсынған студенттерге дауыс беру өтті



22 қыркүйек – Тілдер мерекесіне орай Жастар ресурстық орталығымен бірге ұйымдастырылған шығарма жазу байқауында белсенділік танытқан білімгерлер марапатталды





1 курс білімгерлері арасында «Көңілді – TIME»
эстафетасы ұйымдастырылды



«Береке» гуманитарлық-техникалық колледждің білімгерлері Меркі ауданында «Семей полигонының жабылуына 30 жыл толуына орай» ұйымдастырылған облыстық жарысқа барды.



Нәтижесінде ГТК «Береке» колледжінің 4НО-18-01 тобының білімгері Атаубай Мейірбек тоғызқұмалақ ойынында І-орынмен жеңіске жетті!





Қордай аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Жамбыл жырлары» атты өзге ұлттар арасындағы аудандық байқауда ГТК «Береке» колледжінің 2НО-20-01 тобының білімгері Мамедова Айгюн ІІІ-орынды иеленді.





«Береке» гуманитарлық-техникалық колледжі «Ашық жүрек» акциясын ұйымдастырды.

«Қарттар үйі» мен «мүмкіндігі шектеулі балалар» үйіне барып, қайырымды іс жасады.



Парламент құқылы:

- ❑ 1) білім беру ұйымы білім алушыларының мүдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысуға;
- ❑ 2) білім алушылардың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге, оның ішінде білім беру ұйымының қаражатын, дотацияларды және мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына, демалуға және емделуге бөлінетін қаражатты бөлуге қатысуға;
- ❑ 3) білім алушылардың білім беру ұйымының оқу тәртібі мен ішкі тәртіп қағидаларын, сондай-ақ студенттік жатақханаларды бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- ❑ 4) оқу және оқудан тыс қызметтің әртүрлі салаларындағы жетістіктері үшін білім алушыларды көтермелеу жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;
- ❑ 5) білім беру ұйымы білім алушыларының өтініштері мен шағымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;
- ❑ 6) белгіленген тәртіппен білім беру ұйымының ЖІК төрағасынан студенттік парламенттің қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- ❑ 7) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысандарын анықтау және пайдалану;
- ❑ 8) білім беру ұйымдарының оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, жүргізуге және талдауға тікелей қатысуға;
- ❑ 9) білім беру ұйымдарында құрылатын клубтардың жұмысына қатысуға құқылы.

Парламент міндетті:

- ❑1) білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талапшылдығын арттыруға, білім беру ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, оқу корпустарында және студенттік жатақханаларда оқу тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға, білім алушылардың азаматтық сана-сезімін арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізуге;
- ❑2) білім беру ұйымдарының Жарғысын және ішкі тәртіп қағидаларын орындау бойынша білім алушылармен жұмыс жүргізуге;
- ❑3) оқудан тыс қызметті ұйымдастыру мәселелерінде білім беру ұйымының басшылығына көмектесуге;
- ❑4) Парламентке түсетін білім алушылардың барлық өтініштері мен арыздарын белгіленген тәртіппен уактылы қарауға;
- ❑5) Парламенттің оқу жылына арналған ережесі мен қызмет жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуге;
- ❑6) білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға;
- ❑7) қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға, сондай-ақ білім алушылардың оқуы мен демалуы үшін жағдайлар жасауға көмек көрсетуге;
- ❑8) білім беру ұйымы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де ұйымдар басшылығының алдында білім алушылардың мүдделерін білдіруге және қорғауға құқылы;
- ❑9) білім беру ұйымының басшылығын өз қызметі туралы хабардар етуге міндетті.

Назарларыңызға рахмет!



